



JETISU

Kerbez Comfort

Жаңа көкжиектерді ашу

Мазмұны

4	Бигвилль туралы
5	Орам туралы
7	Маңыздының барлығы жаныңызда
11	Архитектура
14	Жайлы аула
18	Дәліздердің сәнді интерьері
20	Сіздің пәтеріңіз
22	Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі
24	Ақылды технологиялар
25	Жайғастыру шешімдері
27	Бизнеске арналған үй-жайлар
28	Функционалды үй-жайлар
29	Ипотека және онлайн сатып алу
31	BI Service және бақыт министрлігі
33	BIG App мобильді қолданбасы
34	BI Club бейілділік бағдарламасы
35	Қосымша опциялар

Сіздің үйіңіз басталады сеніммен

Уақыт сынағынан өткен сапа.

ВІ Group-ті өз үйіңіздің застройщикі ретінде таңдағаныңызға шын жүректен алғыс білдіреміз. Сеніміңіз – біздің жұмысымыздың ең жоғары бағасы.

Үй салу – бұл болашаққа салынған инвестиция екенін түсінеміз. Сондықтан біз бұл міндетті ең жоғары жауапкершілікпен орындаймыз. Біздің мақсатымыз – бір жылдан кейін де, онжылдықтан кейін де сіздің көңіліңізге жайлы болар кеңістік құру.

Әр жобаға үздік материалдарды, технологияларды және ең бастысы – болашақ тұрғындарға деген қамқорлықты саламыз. Сіздің жаңа үйіңіз барлық үміттерді ақтайтынына сенеміз.

Құрметпен,
Jetisu Kerbez/ Jetisu Kerbez Comfort жобаларының жетекшісі
Ваказе Танат



Бигвилль туралы

Jetisu бигвиллінде барлығы біртұтас орта құруға бағытталған. Мұнда балаларыңызды тәрбиелеп, қонақтарыңызды қарсы алып, орамның бүкіл инфрақұрылымын пайдалану арқылы жайлы өмір сүріп, шығармашылықпен айналысып, таңертеңгісін жүгіріп, бүкіл өміріңізді осында өткізгіңіз келеді.

Бигвилль Ұлы Дала даңғылының бойында орналасқан. Аумақта өмір сүру үшін маңызды нысандар: жайлы мектеп пен саяжол салу жоспарланған.



Жайлы мектеп



«Oner Zholy» саяжолы

Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.



Орам туралы

Комфорт+
тұрғын үйдің санаты

35,24 - 118,5 м²
пәтерлердің ауданы

9, 14
қабат

2026 ЖЫЛҒЫ III ТОҚСАН
пайдалануға беру мерзімі





JETISU

Kerbez Comfort

Орам атауы «Kerbez» сөзімен байланысты және сәнді, әдемі, салтанатты дегенді білдіреді. Ұсақ-түйегіне дейін ерекше жылулықпен және тебіреніспен мұқият ойластырылған тұрғын үй кешенінің тұжырымдамасы шабыт сыйлайды. Басқа тұрғын үй кешендерінің арасында ерекше көзге түсетін жаңа інжу-маржандай әсем, сәнді үй. Бақытты өмір салтыңыздың әр түрлі мазмұнды және қызықты сценарийлері сізге күн сайын қуаныш сыйлайтын, берекелі де сәнді өмір үшін жасалған үй.




Маңыздының барлығы жаныңызда

Көпір

Jetisu бигвиллі ыңғайлы көлік жол айырығы бар, дамып келе жатқан болашағы зор ауданда орналасқан. Керей-Жәнібек хандар көшесі мен Ұлы Дала даңғылының бойындағы көпірлер тұрғындарға жайлылықты қамтамасыз етіп, оң жағалау мен сол жағалауды жалғайды.

Жаңа темір жол вокзалына жету уақыты 12 минуттан аспайды, ал MEGA Silk Way сауда ойын-сауық орталығы мен Әзірет Сұлтан мешітіне дейінгі жол 15 минуттан көп уақыт алмайды. Көпірлер тұрғындарға жолға аз уақыт жұмсап, отбасымен және достарымен көбірек уақыт өткізу мүмкіндігін береді. Өйткені бүгінде уақыт – өте құнды ресурс.



Маңыздының барлығы жаныңызда

«Oner Zholy» саяжолы

Мұнда қаланың қарбаласын ұмытып, табиғат сұлулығын тамашалаудан ләззат алатын жайлы орын табасыз. Бізде белсенді демалысты ұнататындар үшін велосипед жолы, ал босаңсып, демалғысы келетіндер үшін гамактар мен өткеншектер бар. Және, әрине, «Oner Zholy» саяжолы-ның көркіне айналған «Мәсі аңызы» мүсінін тамашалауды ұмытпаңыз.



Маңыздының барлығы жаныңызда

«Мәсі аңызы»

1956 жылы табылып, Лондондағы Британ мұражайы-ның тұрақты топтамасында түпнұсқа күйінде сақталған қазақ Мәсісінің жүріп өткен жолының қызықты тарихынан шабыт ала отырып, біз Ұлы Дала даңғылының бойындағы көше өнерінің ерекше туындысы – Мәсі нысанын жасап шығаруды ұйғардық, ал кейін бұл мүсін Jetisu бигвиллінің аумағындағы саяжолдың сәніне айналды. Ежелде қазақ халқы ырымдар мен жоралғыларға сеніп, оларды қатты қастерлейтін болған. Ұзақ сапар немесе маңызды оқиға алдында туған-туыстар жиналып, ақсақалдар жолаушыға ақ жол тілеп, ісінің сәтті аяқталуы үшін ақ бата-сын беретін болған.



Маңыздының барлығы жаныңызда

Padel & Hockey орталығы

Padel & Hockey орталығы – үйіңізге жақын орналасқан белсенді демалысқа арналған заманауи кеңістік. Мұнда уақытты пайдалы өткізіп, спортпен айналысуға, падел немесе хоккей ойнауға және жұмыс күнінен кейін күшқуат жинауға болады. Ыңғайлы орналасуы орталықты отбасылық демалысқа, достармен кездесуге және белсенді өмір салтын ұстануға арналған тамаша орынға айналдырады.

*Кескін шартты түрде берілген



Маңыздының барлығы жаныңызда

Жайлы мектеп

«Жайлы мектептер» — білім алуға барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бірегей оқу орындары. Олар заманауи жабдықпен, жеке шкафтармен, компьютер сыныптарымен, зертханалармен, қарым-қатынас аймақ-тарымен және ауыз су бұрқақтарымен жабдықталған.

«Жайлы мектептер» тұжырымдамасы орын тапшылығы мәселелерін шешумен қатар, оқушыларды оқытып- үйретіп, болашаққа барынша тиімді дайындауға жағдай жасайды.

Мектептің артықшылықтары



Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі



Қабылдау ҚР БҒМ стандартты талаптары бойынша жүзеге асырылады



Оқыту тегін жүргізіледі



4000 оқушыға (2 ауысым) есептелген



Мектептің жабдықтауы стандартты жабдыкталудан 5 есеге артық



Үй-жайлар интерьерінің заманауи дизайны



Архитектура және дизайн

Кешен архитектурасы заманауи стильде жасалған, мұнда қолайлылық эстетикамен тамаша үйлеседі. Өзгермелі қабат саны мен көп қабатты қасбеттер әр блокты ерекшелеп, айшықты визуалды ырғақ қалыптастырады.

Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.





Архитектура және дизайн

Құрылыс материалдары

Қаңқасы –
тұтас құймалы темір-бетон

Қасбеті –
алюминийден жасалған композитті
панельдер, клинкер тақта

Терезелері –
төбеге дейін үлкейтілген
металл-пластик терезелер

Пәтераралық қабырғалары –
шудан оқшаулау деңгейі жоғары
Acoustic Pro жүйесі

Сыртқы қабырғалары –
газды блок

Жайлы аула

Jetisu Kerbez Comfort-та балалардың өмірі шаттыққа толы болады — аула кеңістігі баланың жан-жақты дамуы үшін арнайы жобаланған. Мұнда футбол алаңы, айналмалы әткеншектері бар ойын алаңдары, тербелмелі әткен-шектер, сырғанау төбешіктері мен құм алаңдары бар. Балалар асыр салып, ойын қызығына берілгенде, ересектер экологиялық самалжайда жайланып отырып, демалып, өзара шүйіркелесе алады.



Жабық аула



Жаяу серуендеуге арналған орындар



Қауіпсіз жабынмен қапталған ойын алаңдары



Бейнебақылау камералары

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, суреттер шартты сипатқа ие. Отырғызылған жас өскіндерден өсімдіктер біртіндеп өсіп, рендерде бейнеленген түрге енеді.





Көгалдандыру

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:



Қолайлы
микроклимат



Үйлесімді түс
композициялары



Өсімдіктерге
күтім жасау



Жан-жақты ойла-
стырып, өсімдік-
терді аймақтарға
бөлу



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгередінін бақылау сондай ғанибет.

Көгалдандыру

Үйіңіздің жанындағы табиғат

Біз тұрғындардың денсаулығына қамқорлық жасап, көгалдандыруға басымдық береміз, өйткені көгалдандырудың тән саулығына ғана емес, жан саулығына да оң әсерін тигізетіні белгілі.

Балалар алаңдарында фитонцид бөлетін өсімдіктер – үйеңкі, шырша, қарағай, алма ағашы, долана және арша егілсе, спорт алаңдарында тез қалпына келетін ырғай, итжүзім, көріктал, қазтан сияқты ағаш екпелері қолданылады. Белсенді демалыс аймақтары биік және аласа бұталардан тұратын тығыз тірі қоршаумен қоршалған. Ландшафт дизайны ұсақ-түйегіне дейін ойластырылып жасалған. Жаздың аптап ыстығында жасыл оазистің салқын саясында демаласыз, ал қыстың аязды кештерінде қалың екпелер желден қорғайды.

Отырғызылған жас өскіндерден өсімдіктер біртіндеп өсіп, рендерде бейнеленген түрге енеді.




Дәліздердің сәнді интерьері

Авторлық дизайнмен, көркем суретпен және өсімдіктермен безендірілген кең дәліздер жайлылық қалыптастырады. Өтпелі кіреберістер көшеден және ауладан кіруге ыңғайлы. Навигация бағдарлануды жеңілдетеді, ал велосипедтер, самокаттар және бесік арбалары үшін қауіпсіз аймақтар қарастырылған. Жұмсақ күту аймағы такси немесе курьер күтуге қолайлы.




Кіреберістегі дәліз дизайны



Күтуге арналған
жайлы аймақ



Бірінші қабат дәліз-
дерінде және лифттер-
де орнатылған бейне-
бақылау камералары



Әр қабатта
4-6 пәтерден



Кіреберіске
баспалдақсыз кіру

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін,
суреттер шартты сипатқа ие



Кіреберістегі дәліз дизайны

Үлгілік қабат дизайны




Керамогранит

Үлгілік қабат дизайны



Кіре берістегі дәліз дизайны



МДФ панель

Сіздің пәтеріңіз


Біз сізге отбасыңыздың жайлылығы үшін ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған жылы және жарық жерде, армандаған пәтеріңізде тұратын боласыз деп айтсақ қалай болады? Бірінші қабаттардағы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін мықты әйнегі бар, бұзып кіруден қорғалған терезелер орнаттық. Жаңа пәтеріңізде артық уайымсыз өмірден ләззат алыңыз.



Пәтерлердің ауданы:
35,24-118,5 м²




Негізгі әрлеу



Пәтерлердің
конфигурациясы:
1 бөлмеден 4
бөлмеге дейін




Бірінші қабаттардағы
бұзуға төзімді
терезелер



Есік ойықтарының
биіктігі – 2,3
метрге дейін




Электронды
құлыптар




Сіздің пәтеріңіз

Негізгі әрлеу

Jetisu.Kerbez Comfort орамынан пәтер сатып алғанда, сіз оны негізгі әрлеуде аласыз. Бұл өте ыңғайлы, өйткені ең шулы және «лас» жұмыстар жасалып қойғандықтан, сіздің уақытыңызды ғана емес, қаражатыңызды да үнемдейді. Сізге тек лайықты дизайнды таңдап, пәтерді жөндеу жұмыстарының соңғы кезеңіне кірісу ғана қалады.



Едені жабын төсеуге дайын.



Қабырғаларының әрленуі – қабырғалар таза әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін тегістелді.




Төбесі – төбеде электр кабельдері тартылған, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.



Терезелерде мықты фурнитура, терезе алды және бүйір жақтаулары орнатылған.



Электрика – бүкіл пәтерге электр желісінің сымдары тартылды.



Жылыту жүйесі толық орнатылды және пайдалануға дайын.




Кіру есіктері МДФ-тан жасалған және сенімді құлыппен жабдықталған.

Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі

Бейнежазбаны көру үшін басыңыз


Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

Acoustic Pro Дыбыс оқшаулауы – 56 дБ-ден төмен емес



Acoustic Pro — арнайы ВІ Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газды блок, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.

Бұл технологияда әр түрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамашадыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.




Жоғары деңгейде шудан оқшаулау

Қалқымалы еден

Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.

Бұл – тұтастырғыш құю алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, қалыңдығы 1 см көбікті полипропилен қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.



«Қалқымалы еден» соққы шуының таралуына жол бермейді



* Клиент өзі жасайды

Ақылды технологиялар

Электронды құлыптар

Электронды құлыптар қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады.

Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Саусақ ізінің сканері
- Кодты шифрлау функциясы
- Қосарлы сәйкестендіру режимі
- Кіріктірілген дабыл жүйесі

Артықшылықтары:

1. Кіру тәсілдері: саусақ ізі, пин-код, RFID картасы және механикалық кілт.
2. Саусақ ізі: 360°-тық сканері бар заманауи жартылай өткізгіш датчиктер.
3. Пин-код: кодты шифрлау функциясы бар сәнді пернетақта.
4. Қосарлы сәйкестендіру режимі: саусақ ізі режимі (басты + кәдімгі пайдаланушы), саусақ ізі + пин-код, саусақ ізі + RFID картасы.
5. Бұғаттауда бірнеше кіру рұқсатын пайдаланушы болуы мүмкін: саусақ ізі (5 негізгі пайдаланушы және 85 кәдімгі пайдаланушы), PIN-код (5 негізгі пайдаланушы және 15 кәдімгі пайдаланушы), RFID-карта (99 кәдімгі пайдаланушы)
6. Сигнал беру: бұрмалау, батареяның төмен қуаты туралы ескерту және құпия сөзбен қорғау.
7. Сыртқы қуат көзі: апаттық жағдайда қуат беру үшін кернеуі 5 В қуат көзі блогын пайдалануға болады.




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

IP-домофон жүйесі

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.


* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Жайғасымдар*

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз



Бизнеске арналған үй-жайлар

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әр түрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әр түрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.



Бірінші
желі



Жаяу
жүргіншілер
ағыны




Көліктің көп
жүруі



Дамыған
инфрақұрылым



3 500-нан
астам тұрғын



Төбесінің
биіктігі: 3,9
метрге дейін



Кешен
аумағындағы
саяжол



Қонақтарға ар-
налған көлік тұрағы
қарастырылған



Функционалды үй-жайлар



Екі деңгейлі көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.

* бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

* бөлек сатып алынады

Сурет шартты сипатқа ие

Ипотека

 басыңыз да, сайтқа өтіңіз

Барлығына арналған бағдарламалар



0,1%-дан басталатын мөлшерлеме

Ыңғайлы мөлшерлемені таңдап, ай сайынғы төлемдерді өзіңізге қолайлы етіп жоспарлаңыз.



15-тен көп жеке бағдарлама

Сіздің қажеттіліктеріңіз ба-рынша ескерілетін талап-тармен ипотека рәсімдеңіз.



20%-дан басталатын бастапқы жарна

Бастапқы жарнаға қолыңы-зда пәтер құнының жарты-сынан азы болса да, ипоте-ка рәсімдеп, өз пәтеріңізде тұрыңыз.



Қосымша кепілсіз

Кепілге қою үшін қосымша жылжымайтын мүлік ізде-уіңізге тура келмейді, кепіл ретінде ипотекаға алынған пәтерді рәсімдеңіз.



Қарыз сомасы – 100 млн теңгеге дейін

Сізге ыңғайлы қарыз сомасы пәтер таңдаудағы шектеу-лерді жояды.



Online-ипотека

Банкке бармай-ақ 30 минут ішінде ипотекаға жылжымайтын мүлік сатып алыңыз. Уақытыңыз бен ақ-шаңызды үнемдеп, бос уақы-тыңызды сүйікті істеріңізге арнайсыз.



бейнежазбаны көру үшін басыңыз

Online сатып алу

Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?



Уақыт үнемдеу

Кептелістер, бағдаршамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады




Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу

Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз



Әр кезеңде қолдау көрсету

Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.



Икемді төлем тәсілдері

Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу — өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.



Ашықтық және сенімділік


BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



BI Service

 <https://bi.group/ru/page/service>

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 500 мың тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіп-сіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн.м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

 > 1 000
тұрғын үй кешені

 > 2 500
коттедж

 > 34 000
тұрақ орны

 > 4 500
офис

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Бірыңғай сапа стандарттары.

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – м²-іне 210 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 419 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 9 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықтауына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



Бақыт министрлігі



Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршілік-тің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.



Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Концерттер мен көрмелер;
- Таза ауада жаттығу;
- Бірлескен мерекелер;
- Тауға жорыққа шығу;
- Аулада фильмдер көру.

BI Green

Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.

Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.



BIG App мобильді қолданбасы

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.



- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары



- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу



- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)




- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі



- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау



- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер



BI Club бейілділік бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, Bitcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

Жылжымайтын мүлік түрі:		Пәтерлер	Офистер
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI GOLD	5 сатып алу	8%	9%
BI GOLD+	6 сатып алу	9%	10%
BI PLATINUM	7+ сатып алу	10%	11%
BI DIAMOND		12%	13%




Bitcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген саудаңыздың чектерін жүктеңіз! Толығырақ: loyalty.bi.group

Қосымша опциялар

ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫДАН ТАЗА ӘРЛЕУ

Сізге жайлы және ыңғайлы болуы үшін біз пәтерлерді таза әрлеу ұсыныстарының Start, Classic, Pro үш топтамасын дайындадық. Біз тек сапалы материалдарды, технологиялық шешімдері бар заманауи дизайнды қолданамыз. Артық машақатсыз дайын пәтерге көшіңіз.



Уақыт үнемдеу



Жөндеу сомасы
ипотекаға кіреді



1 жылға кепілдік



Құрылыс салушыдан
сенімді жөндеу
жұмыстары



басып, сайтқа кіріңіз

Байланыс

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5г,
«Лазурный квартал» ТҮК

Әл-Фараби даңғылы, 3а
Capital Park Sky ТҮК

Рыскулов көшесі, 9
Nexpo Trend ТҮК

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55

Желтоқсан к-сі, 28

Караганда қ.

Бұқар жырау даң.,
51/4-құрылыс.
51 бизнес орталығы

Алматы қ.

Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қаныш Сәтбаев даңғ., 43а
Infinity Mall СОО

Онлайн сату
орталығы

 **360**

 Кеңес алу

Жобаның архитектурасы, абаттандырудың, қасбеттердің, ішкі көріністің, қолданылатын материалдардың суреттері, олардың нөмірленуі, кешеннің инфрақұрылымы шартты болып табылады және жобалау, салу және пайдалану барысында өзгертілуі мүмкін. Бұл жарнама, ҚР АҚ 395-бабына сәйкес, жария оферта болып табылмайды. Тұрғын үй кешені туралы ақпарат аталған өнімге сұранысты анықтау мақсатында жарияланады. Үлестік қатысу шарты бірыңғай оператордың кепілдік беру туралы шарты жасалғаннан кейін немесе үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат берілгеннен кейін жасалады. Уәкілетті компания: «Луксор» ЖШС, құрылыс салушы: «BI Development Astana» ЖШС.

Буклеттің жаңартылған күні: 14.07.2026

 **GROUP**